

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Адам ағзасын ғана емес санасында улап жатқан электронды темекі

ЖАРИЯЛАНДЫ
31.01.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/148390/>

Жастардың арасында электронды темекіні қолдану күннен күнге артып барады. Ал дүкендегі сатушылар оны баланың жасына қарамастан сатып жатыр.

Бес жыл бұрын туындаған бұл мәселенің өзектілігі уақыт өте артуда. 2023 жылы мамырда Мәжілісте көтерілген бұл мәселенің зерттеуі бойынша 4 жыл ішінде электронды темекі тұтынатындардың саны 3 есе өскен деген ақпаратпен «Qazaqstan» телеарнасының журналисті Серік Селеубайұлы бөліскен болатын. Бүгінгі күнге дейін әлі тоқтамай жатқан бұл мәселенің көрсеткіштері одан әрі өскен.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өткен жылы бақылау жасаған. Оның нәтижесінде ұлдардың 15% , ал қыздардың 6% адам ағзасы үшін қауіпті затты бір рет болсын қолданып көргендігі көрсетіледі.

Бұны анықтау барысында мектептеп оқушыларынан сұхбат алдым. Қорытындылай келе көбісі оның тартымды иісі мен дәміне қызығып алатындығы анықталды. «Кейіннен мүлдем тәуелді болып кеттім»- деп жауап бергендер аз емес. Бірақ кейбір оқушылар «оның иісі жүректі айнытарлық .Сондықтан оған мүлдем жоламаймын !» — деп жауап қатты.

6 қалалық емхананың пулманолог дәрігерінің айтуынша :

» Электронды темекі улы заттардың бірі. Өйткені , ондағы қоспалар және онкологиялық концарогендер ми мен өкпеге тез жетеді. Сол себептен олар зақым алып өкпе және ми рак аурулары туындап жатыр»- дейді .

Бұл қауіпті құралды тұтынатын деп адам өкпесін ғана емес миында зақымдайды. Сонымен қоса саналы түрде тәуелді болып , өз санасында улайды.

Бүгінгі күнде бұл жайдтың алдын алу мақсатында мәжілісте электронды темекіні шығару, Қазақстан шекарасына алып кіру , тарату қылмыстық іс деп жариялады . Енді уақытта темекі сатушыларын 50 күндік қамауға алады. Ал оны кіргізген және таратқан жандар 2 жылға бас бостандығынан айырылады деген заң шығару мақсат етілуде.

Алайда оны бірінші сенат қабылдап , кейін оған президент қол қоюы керек.

Болашақта біздің Қазақстан вейптерді сатуға тыйым салған 32 елдің арасына қосылуы әбден мүмкін.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.